

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/MJGD7391>***Г. Т. Тлеубердина¹, Т. Берікбол², Ә. Б. Манас³**^{1,2,3}Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,

Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0574-643X>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0203-1500>³ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-7162-2290>*e-mail: guldentleuberдина@inbox.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АЙТЫСЫНДАҒЫ СӨЗ БЕН САЗДЫҢ ҮНДЕСТІГІ (АҚЫН АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ АЙТЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған ғылыми жобалар конкурсында «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» басым бағыты бойынша АР 19574645 «Қазіргі қазақ айтысының типологиясы мен поэтикасы» тақырыбындағы жоба аясында жазылды.

Мақалада қазіргі ақындардың бірі, Қарагандылық суырыпсалма ақын Аманжол Әлтаевтың айтыстары зерделенеді. Ақынның Серікзат Дүйсенгазымен, Әселхан Қалыбековамен, Ермек Жұматаевпен, Ақмарал Леубаевамен айтыстары негізге алынды. Ақынның жүп болған айтыскерлерімен сөз додаға түскен сәттегі ұтымды ойлары мен сөз қолданыстары, тарихи-әлеуметтік, қоғамдық, саяси, әдеби мәселелерге байланысты өміршең тақырыптарды негізгі нысанға ала отырып, кейінгі жасатардың тәлім-тәрбиесіне, отбасы құндылықтарын қастерлеп, жас ұрпақтың тарих пен әдебиетті сабақтастықта танып, ұлттық болмысты айырылмауды үндеген айтыс мәтіндеріндегі қастерлі ойлары сараланады. Қазақ салт-дәстүрлері мен жөн-жоралғыларын қайта жаңғыртып, айтыстарында тәлім-тәрбиеге көңіл аудартады. Ақынның айтыстарындағы этнографизмдердің қолданысы талданады.

Ақынның сөз саптау ерекшелігі, сөз жарысы өнерін игерудегі суырыпсалмалық шеберлігі, ақындық қолданысындағы көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Аманжол Әлтаев айтыстарындағы этнографизмдер қазақтың бай рухани мәдениеті мен тарихынан

көрініс береді. Мақала тақырыбының жаңашылдығы мен құндылығы тұрмыстық салтқа қатысты этнографизмдердің ұлттық мінезді танытатын салт-дәстүрлердің ақын тілімен берілуімен ерекшеленеді.

Кілтті сөздер: айтыс, Аманжол этнографизмдер, салт-дәстүр, тәрбие, айтыскер, қазақ халқы.

Кіріспе

Айтыс – қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы. Халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпы, салт-санасы мен рухани жағдайын сөзбен суреттейтін көне жанр. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешкен, аталы сөзге тоқталып, халық арасында болып жатқан қоғамдық, саяси, мәдени, рухани, әлеуметтік, экономикалық мәселелерді көтеретін жыр додасы, сөз сайысы.

А. Байтұрсынов сөз өнерінің ақылға, қиялға, көңілге негізделгенін айта отырып, «Сөздің өзін танытатын белгі – тіл, яғни лұғат белгісі. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салтанаттануынан болады», – дейді [1, 464-б.].

Қазіргі айтыс ақындары да өзінен бұрын қолданып келген бейнелі сөздерді, поэтикалық тіл үлгілерін сақтап келеді. Халықтың болмысындағы ұлттық, халықтық ерекшеліктерді айтыстары арқылы жеткізуде. Солардың бірі – қазақ халқының салт-дәстүріне тән сөздер. Ол – этнографизмдер. Салт-дәстүрге байланысты сөздерді кеңінен қолдану арқылы ұмыт болып бара жатқан дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды жаңғыртуда. Жаңа тыныс, жаңа леп беруде. Сол арқылы ұлт мәдениетіне көңіл бөліп, болашақ ұрпаққа айтыс өнері арқылы таныту.

Бұрыннан келе жатқан ұлттық болмысымыздағы заттар мен құбылыстардың барлығы бізге қалған этнографиялық мұра болып табылады. Этнографиялық заттар мен құбылыстардың атауы тіл білімінде этнографизмдер деп аталады. Этнографизмдерді зерттейтін ғылым – этнолингвистика.

Мақаланың негізгі мақсаты – айтыскер ақын Аманжол Әлтаевтың айтыстарындағы этнографизмдерді көркемдік, әдеби ізденістер тұрғысынан ашу.

Материалдар мен әдістері

Мақала айтыс тақырыбына, соның ішінде арнайы белгілі айтыскер ақын Аманжол Әлтаевтың шығармашылығына арналғандықтан, ақын мұраларын жинақтау, талдау, ой қорыту, синтез әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында Ә.Қайдар, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі этнографизм, этномәдени лексика туралы айтқан пікірлері теориялық-методологиялық негіз ретінде қолданылды.

Мақаланың зерттеу нысанына алынған ақын Аманжол Әлтаевтың айтыстары И.Нұрахметұлы, С.Дүйсенғазиннің «Қазіргі айтыс» 1-кітабынан [2, 312-б.], және youtube қолданбасынан Серікзат Дүйсенғазымен, Әселхан Қалыбековамен, Ермек Жұматаевпен, Ақмарал Леубаевамен айтыстары негізгі мәтін ретінде алынып, мақала барысында тақырыптық, тәрбиелік, көркемдік, мазмұндық тұрғыдан талданды.

Теориялық негіз ретінде Ә.Қайдардың «Ғылымдағы ғұмыр: Мақалалар, баяндамалар жинағы» [3, 341-б.], Ж.Манкееваның «Қазақ тіл білімінің мәселелері» [4, 640-б.], «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» [5, 800-б.] атты еңбектері басшылыққа алынды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ этнолингвистикасы туралы ғалымдар Р. Шойбеков, Б. Омаров, А.Жылқыбаева т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылып келеді. Ақын Аманжол Әлтаевтың айтыстарында әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерді, этнографизмдерді саралап талдауда этнолингвист-ғалым Ә. Қайдардың этнолингвистика саласына қатысты пікірін келтірсек.

«Этнолингвистика – белгілі бір этностың немесе (бүгінгі халықтың, ұлттың, ұлыстың) ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, наным-сенімін, тіршілік-тұрмыс ерекшелігін, рухани және материалдық өмірін сол этностың тіл байлығы арқылы танып білуді, тілдік фактілер негізінде белгілі бір жүйеге келтіруді, анықтауды мақсат етеді [3, 341-б.].

«Этнолингвистика – халықтың этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы [4, 640-б.].

Этнографизмдерді этнолингвистика саласы зерттейді. «Этнографизмдер дегеніміз – тұрмысымызда болған, әлі де қолданылып келе жатқан күнкөріс бұйымдардың белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері [6, 2-б.]. Осы анықтамалардың негізінде ұлттың тілін тарихымен, салт-дәстүрімен, наным-сенімімен сабақтастыра зерттеу этнолингвистика ғылымының міндеттеріне қатысты саналады. Біздің негізгі мақсатымыз айтыскер ақын Аманжол Әлтаевтың айтыстарындағы ұмыт бола бастаған төл сөздерімізді жинақтап жаңғырту және қолданыстық аясын кеңейту. Ақын тіліндегі көпшілік түсіне бермейтін сөздердің мән-мағынасында халықтың болмысы көрінетіндігін нақты мысалдар арқылы анықтадық.

Тіл өз бойында мазмұндық деректерді сақтайды. Ол лексикологиялық, фразеологиялық бірліктерден байқалады және мәдениетімізден, салт-дәстүрлерімізден көрініс табады.

Қазіргі кезде жастар көне салт-дәстүрлерді білмейді. Этнографизмдердің мән-мағынасын түсінбейді де. Ал қазіргі айтыскер ақындарымыз ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлеріміздегі этнографизмдерді айтыстарында қолдануда. Көпшілік қауымға, әсіресе жастарға үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие көрсету мақсатында сахнада өз айтыстарында көрсетіп жүргенін байқауымызға болады.

Мысалы: сүйінші сұрау, сауын айту, ұрын бару, қол ұстар, шаш сипар үлгілері бар.

Дарынды айтыскер ақындарымыздың бірі – Аманжол Әлтаев өз айтыстарында салт-дәстүрлерге қатысты сөздерді жиі әрі ұтымды қолданады. Ақын этнографизмдерді жиі қолдану арқылы ұлттық тілдік қорымыздың кең әрі молдығын, көне салт-дәстүріміздің тәрбиелік жақтарын айқындап береді. Осы арқылы ұмыт болып бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, ұрпақ санасына қайта жеткізеді. Айтыскер ақын Серікзат Дүйсенғазымен айтысында:

Балдыздарың мәз болып қалар еді,
Жездеден бір **тәбәрік** алғанына.
Келіншегім тастамай алып кел деп,
Үтіктеп салды дейсің карманыма [7].

Аманжол Әлтаевтың қолданысындағы «тәбәрік» сөзі жасы жүзге келіп немесе жүзге жақындап дүниеден өткен адамдардың тірі кездерінде қолданған заттарымен бөлісу салтына қатысты айтылған сөз. Қазіргі уақытта «тәбәрікті» тек туысқандарына, жақындарына сол адамның жасына жетсін деген ниетпен беріледі.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» тәбәрік сөзіне мынадай түсінік берілген: тәбәрік – зат. діни. 1. Құранның бір аяты. 2. Өлген кісінің құдайысынан алған зат, киім, бұйым [5, 800-б.].

Серікзат, **сүйіншіңді** мен берейін
Бөрік киіп үкінді таққаның да [7].

Бұл жолдардағы «сүйінші» сөзі қуанышты хабар не жаңалық айтқан адамға берілетін сый. Дүниеге сәби келсе, үлкен сыйлық не марапат алса тағы басқа қуанышты сәттерді алғаш айтқан адам жақындарынан сүйініші сұрайды. Сүйіншіге ақша немесе бағалы зат беріледі.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: сүйінші – зат. этн. Жаңалықты, қуанышты хабарлаушыға берілетін сыйлық, жоралғы [8, 752-б.] деп берілген.

Әселхан Қалыбековамен айтысында:
Мен бүгін шаттық көрем келбетінен

Тойыңа Хакім ата **сауын айтып**,
Сұраймын сүйіншімді жер бетінен [9].

Осы жолдардағы «сауын айту» қазақ халқының бұрыннан келе жатқан салты. Бір ауылда, елде үлкен ас не той болатын болса, алдын-ала жан-жаққа хабар беріліп адамдарды шақырады. Сөздікте: сауын айту – этн. а) Үлкен ас, ұлы той сияқты үлкен жиындар туралы ел-елге жариялап хабар беру түріндегі қазақтың ежелден келе жатқан халықтық ғұрпы. ә) Жорық, аттаныс жайында алдын-ала елге хабар беру түріндегі дәстүрлі қазақ қоғамындағы ғұрып [8, 752-б.].

Айтыскер ақын Ермек Жұматаевпен айтысында:
Сананы бұғаулаған қызыл империя,
Ұлтымның төл тарихын **талақ** көрген [2, 312-б.].

Ақын қолданысындағы «талақ» сөзі ер мен әйелдің ажырасу салтына қатысты сөз. «Талақ» болған әйел ешкімге қажетсіз болып қалған. Ақын осылай қажетсіз, керексіз болып қалған тарихымыздың тағдырын «талақ» сөзі арқылы суреттеп тұр. Кешегі кеңестік жүйенің салдары тек тарихымызға ғана емес, тағдырына да әсер еткенін бір сөзбен суреттеп жеткізіп отыр. Айтыскер ақын басқа сөзбен сипаттаса басқаша болар еді. Ақын бір ғана «талақ» сөзін қолдану арқылы шындықты ашып, тыңдарманның жүрегіне жеткізе білді.

Айтыскер ақын Ақмарал Леубаевамен айтысында:
Біз айттық өнеге қып мұның бәрін,
Бармайды жас дәуренде **ұрынға** кім [2, 312-б.].

Қазақтың «ұрын бару» дәстүрі туралы айтылады. Күйеу жігіт қалыңдықтың ауылына тығылып келуін «ұрын келу» деп атайды. Ғалым Г. А. Мейрманова: «Жігіттің ұрын бару аралығы 40 күннен аспауы керек, әрі жеті күннен кем болмауы шарт», - деп атап өтеді [10].

«Aytis sanatı her dönemde, içinde meydana gelip yaşadığı toplum insanların hayatları, siyasi ve sosyal durumları, eksiklikleri ve başarılarıyla bağlantılı bir şekilde gelişmiş ve sanatsal zirveye yükselmiştir» [11, 470-б.], – делінеді. Яғни айтыс өнері қашанда дәуірдің көрінісі, рухани қоғамның бір бөлігі. Онда елдің тұрмыс-салты, тыныс-тіршілігі, саяси-әлеуметтік жағдайлары көрініс табады.

Қазақтың салт-дәстүрлері кәде-жоралғыларға толы. Құда мен құданың, қыз бен жігіттің, үлкен мен кішінің арасында жүретін кәде-жоралар өзінің қолданысын аясын не тарылтып, не кеңейгенін қазіргі заман талабынан байқаймыз. Ақындар осы дәстүрлерімізді қайта жаңғырта айтыстарына қосады.

Сал-сері бабалардың дәстүрімен,
Қол ұстар, шаш сипатар бермеймін бе? [2, 312-б.].

Бұл кәделер де ұрын той күні жасалады. Күйеу жігіт айна, тарақ, басқа да бұйымдарды қол-ұстар, шаш сипар, қыз құшақтар тағы басқа кәделердің барысында береді.

Аманжол Әлтаевтың бұрынғы салт-дәстүрлер мен кәде-жоралғыларды өте жақсы білетінін әрі ұтымды да сәтті қолданғанын жыр жолдарынан көруімізге болады.

Қазақтың барлық салт-дәстүрлерінде тәлім-тәрбие бар. Қол ұстар, шаш сипар тағы басқа кәделердің барлығы тазалықтың, пәктіктің, адалдықтың белгісі. Қазақ халқы, әсіресе, қыз баланың тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Бала жастан қыз балаға алқа тағып, жүрісі ақырын, бойын түзу ұстап жүруі үшін шаштарына шашбау, шолпы тағып әсемдеген. Бұл туралы да ақын Аманжол Әлтаев былай дейді:

Ар-намыс, ұяты бар қазақ қызы,

Шолпы тағып өсірген бұрымдарын.

Қазіргідей тал-түсте құшақтасып,

Будақтатып тартпаған шылымдарын [2, 312-б.].

Ақын кешегі шолпы, шашбау таққан қыздардан қылық кеткенін ашына айтады. Қазақ қыздарының бойына тән: әдептілік, ибалық, сыпайылық қасиеттердің жойылып бара жатқанын қынжыла айтып, ұлттық тәрбиеге көңіл аудартады. Қай уақытта да тәрбие мәселесі өзекті екенін тілге тиек етеді.

Ол аз болса қойнымнан алып шығып,

Құлағына сырғасын тақпаймын ба.

Жеңеңіз қанша қатал болса-дағы,

Көңілін сөйтіп Марал таппаймын ба? [2, 312-б.].

Құда түскенде қызға сырға салу рәсімі жасалады. Ақын сырға салу салтын қыз жеңгесінің көңілін аударту мағынасында қолданады. Жөн-жоралғының жүретін орнын біліп, өз айтыстарында ұтымды пайдаланып қана қоймай, өскелең ұрпаққа үлгі етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған АР19574645 «Қазіргі айтыстың типологиясы мен поэтикасы» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

Қорытынды

Айтыс – ақынның қабілет-қарымын, таланты мен дарындылығын, сөз саптауы мен дүйім жұрттың алдында өнегелі сөз бен өткір ойларын көрсететін синкретті жанр. Айтыста айтыскер ақындар халықтың көкейіндегі сұрақ пен ойларын талқыға сала отырып, ерекше тілдік қолданыстары арқылы тыңдарманның жүрегінен орын алары сөзсіз.

Жалпы, жұмысымызды қорыта келе, ақын Аманжол Әлтаевтың айтыстарындағы этнографизмдерді салт-дәстүр бойынша қарастырдық.

Ақынның қолданысындағы тәбәрік, сүйінші, сауын айту, талақ, ұрын бару, сырға салу тағы басқа этнографизмдердің мән-мағынасын аштық. Осы арқылы айтыскер ақынның туған жерді ардақтап, туған тілін қадірлеп, қастерлейтінін, этносөздік қорды сәтті әрі ұтымды қолданатынын байқадық.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Байтұрсынов, А.** Ақжол [Мәтін]. – Алматы : Жалын, 1991. – 464-б.
- 2 **Нұрахметұлы, И. Дүйсенғазин, С.** Қазіргі айтыс [Мәтін]. – Астана : Күлтегін, 2006. – 312-б.
- 3 **Қайдар, Ә.** Ғылымдағы ғұмыр : Мақалалар, баяндамалар жинағы. [Мәтін]. – Алматы : Сардар, 2014. – 341-б.
- 4 **Манкеева, Ж.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін]. – Алматы : Абзал-Ай, 2014. – 640-б.
- 5 **Малмақов, М. Есенова, Қ. Хинаят, Б.** Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Мәтін]. – Алматы, 2011. – 800-б.
- 6 **Манкеева, Ж.** Қолға алынған келелі іс [Мәтін] // Білім және еңбек. – 1985. – № 10. – 2-б.
- 7 YouTube. Серікзат Дүйсенғазы мен Аманжол Әлтаев айтысы. [Электронды ресурс]. – URL: https://youtu.be/hHa5JefxDzo?si=O4GdOND_RWPzfodK (Дереккөзге жүгінген күн : 04.12.2024).
- 8 **Фазылжанова, А. Оңғарбаева, Н. Ғабитханұлы, Қ.** Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Мәтін]. – Алматы, 2011. – 752-б.
- 9 YouTube. Айтыс. Әселхан Қалыбекова мен Аманжол Әлтаев айтысы [Электронды ресурс]. – URL : <https://youtu.be/3fVVw5kz0iw?si=oi9Luf75ud21dAae> (Дереккөзге жүгінген күн: 04.12.2024).
- 10 **Мұстафин, С.** «Ұрын бару» салты [Электронды ресурс]. – URL: https://ruh.Kz/uryn-baru-salty_18504/ (Дереккөзге жүгінген күн: 04.12.2024).
- 11 **Mursalimova, N.** Kazak halkinin aytis sanati // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, 2022, Cilt: 15, Sayı: 38, p. 469 – 480 [Электронды ресурс]. – URL <https://dergipark.org.Tr/en/download/article-file/2349022> (Дереккөзге жүгінген күн : 04.12.2024).

References

- 1 **Baitursynov, A.** Akzhol [Akzhol] [Text]. – Almaty : Zhalyln, 1991. – 464 p. (in Kaz).
- 2 **Nurakhmetuly, I. Duysengazin, S.** Qazirgi aitys [Modern aitys] [Text]. – Astana : Kultegin, 2016. – 312 p. (in Kaz).

3 **Qaidar, A.** Gylymdagy gumyr: Maqalalar, baiandamalar zhinagy [Life in science: a collection of articles, reports] [Text]. – Almaty : Sardar, 2014. – 341 p. (in Kaz).

4 **Mankeeva, Zh.** Qazaq til bilimining maseleleri [Problems of Kazakh linguistics] [Text]. – Almaty : Abzal-Ai, 2014. – 640 p. (in Kaz).

5 **Malmakov, M. Yesenova, Q. Khinayat, B.** (2011) Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language] [Text]. – Almaty, 2011. – 800 p. (in Kaz).

6 **Mankeeva, Zh.** Qolga alyngan keleli is [A good deed] [Text]. // Bilim zhane yenbek. – 1985. – № 10. – 2 p. (in Kaz).

7 YouTube. Serikzat Duisengazy vs Amanzhol Altaev aitysy [Serikzat Duisengazy vs Amanzhol Altayev aitysy] [Electronic resource]. – URL: https://youtu.be/hHa5JefxDzo?si=O4GdOND_RWPzfodK (Accessed : 04.12.2024).

8 **Fazylzhanova, A. Ongarbayeva, N. Gabitkhanuly K.** Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language] [Text]. – Almaty, 2011. – 752 p. (in Kaz).

9 YouTube. Aitys. Aselkhan Kalybekova men Amanzhol Altaev aitysy [Aitysy. Aselkhan Kalybekova and Amanzhol Altaev aitysy] [Electronic resource]. – URL: <https://youtu.be/3fVw5kz0iw?si=oi9Luf75ud21dAae> (Accessed : 04.12.2024).

10 **Mustafin, S.** «Uryn baru» salty [Ritual «thief go»] [Text] [Electronic resource]. – https://ruh.kz/ury-n-baru-salty_18504/ (in Kaz) (Accessed : 04.12.2024).

11 **Mursalimova, N.** Kazak halkinin aytis sanati [Aytis art of the Kazakh people] // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, Cilt: 15, Sayı: 38, p. 469–480. [Electronic resource]. – <https://dergipark.org.Tr/en/download/article-file/2349022> (Accessed : 04.12.2024).

23.01.25 ж. баспаға түсті.

21.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Т. Тлеубердина¹, Т. Берікбол², А. Б. Манас³

^{1,2,3}Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Поступило в редакцию 23.01.25.

Поступило с исправлениями 21.04.25.

Принято в печать 26.05.25.

СОЗВУЧИЕ СЛОВ И МЕЛОДИИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ АЙТЫСЕ (НА ОСНОВЕ АЙТЫСОВ ПОЭТА АМАНЖОЛА АЛТАЕВА)

Данная статья написана в рамках проекта на тему АР 19574645 «Типология и поэтика современного казахского айтыса» по приоритетному направлению «Социальные и гуманитарные науки» на конкурсе научных проектов на 2023–2025 годы.

В статье изучены айтысы одного из современных акынов, Карагандинского акына Аманжол Алтаева. За основу берутся айтысы с Серикзатом Дуйсенгазы, Асельхан Калыбековой, Ермеком Жуматаевым, Акмарал Леубаевой. Рациональные мысли и принципы акына в момент его выступления с парными айтыскерами, основные темы, которые связанные с исторически-социальными, общественными, политическими, литературными проблемами, с учетом воспитания молодежи, семейных ценностей, с признанием подрастающим поколением истории и литературы в преемственности, в текстах айтыса, призывающих не лишать национального бытия, выражаются благоговейные мысли. Он возрождает казахские обычаи и традиции, в своих выступлениях уделяет внимание образованию. Анализируется употребление этнографизмов в выступлениях акына.

Рассматриваются особенности словосочетания акына, умение находить общий язык в овладении искусством состязания слов, художественные особенности поэтического употребления. Этнографизмы айтысов Аманжол Алтаева отражают богатую духовную культуру и историю казахского народа. Новизна и ценность темы статьи отличается тем, что этнографизмы, относящиеся к бытовым обычаям, выражают национальный характер и передают традиции поэтическим языком.

Ключевые слова: айтыс, Аманжол, этнографизмы, традиции, воспитание, айтыскер, казахский народ.

**G. T. Tleuberdina¹, T. Berikbol², A. B. Manas³*

*^{1,2,3}Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov,
Republic of Kazakhstan, Kokshetau.*

Received 23.01.25.

Received in revised form 21.04.25.

Accepted for publication 26.05.25.

THE HARMONY OF WORDS AND MELODIES IN MODERN KAZAKH AITYS (BASED ON THE AITYS OF POET AMANZHOL ALTAYEV)

This article was written as part of the project on the theme AR 19574645 «Typology and poetics of modern Kazakh aytys» on the priority direction «Social and Humanities» in the competition of scientific projects for 2023–2025.

The article will study the aitys of one of the modern akyns of Karaganda akyn Amanzhol Altaiev. The basis is taken from the aitys of Serikzat Duysengazy, Aselkhan Kalybekova, Ermek Zhumatayev, Akmaral Leubaeva. The rational thoughts and principles of the akyn at the time of his performance with paired aytyskers, the main topics that are related to historical-social, social, political, literary problems, taking into account the upbringing of young people, family values, with the recognition of the younger generation of history and literature in continuity, in the texts of aytys, calling not to deprive the national being, awe-inspiring thoughts are expressed. He revives Kazakh customs and traditions, and pays attention to education in his speeches. The use of ethnographisms in the akyn's speeches is analyzed.

The article examines the features of the akyn phrase, the ability to find a common language in mastering the art of word competition, and the artistic features of poetic usage. The ethnographisms of Amanzhol Altaiev's aitys reflect the rich spiritual culture and history of the Kazakh people. The novelty and value of the article's topic is distinguished by the fact that ethnographisms related to everyday customs express national character and convey traditions in poetic language.

Keywords: aitys, Amanzhol, ethnographisms, traditions, upbringing, aitysker, Kazakh people.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz